

**2022 жылға арналған Көкшетау қаласы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы**

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 қазандағы № С-23/2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 қазанда № 30301 болып тіркелді

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3 бабы 1-тармағына сәйкес Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Көкшетау қаласы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың 2022 жылға арналған ең төмен мөлшері 1 шаршы метрі үшін ай сайын 45,53 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көкшетау қалалық мәслихатының хатшысы*

*Р.Калишев*